



EGEMEN QAZAQSTAN

## Мәскеудегі қазақ киносының апталығы

Ресей астанасының орталығында орналасқан көне кинотеатрларының бірі «Иллюзион» еліміздің алдыңғы қатарлы кинотуындыларын көрсетілді. Алғашқы болып сайын даланың құдық қазушылары туралы түсірілген «Шыңырау» фильмі көрсетілді. Қиын отбасылық қарым-қатынастар мен екі жасөспірімнің махаббаты аясында өрбіген бұл оқиғаның авторы қара сөздің хас шебері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев. Мәскеудегі кино апталығы рухани абыздың 80 жылдығына арналып отыр.



Осы оқиғаға арналған шараны ашқан Қазақстанның Ресейдегі елшісі Иманғали Тасмағамбетов, мемлекет қайраткері және ұлы жазушы Әбіш Кекілбаевтың тұлғасы халқымыз үшін ерекше маңызды және қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруымен тығыз байланысты екенін атап өтті.

– Ол еліміздің әдеби қазынасына үлес қосып қана қоймай, терең ойшыл және рухани-адамгершілік дамудың биік бағдаршысы ретінде жадымызда қалды. Сіздердің назарларыңызға жазушының ең жақсы туындыларының біріне негізделген фильм ұсынылады, – деді ол.

Сонымен қатар РФ Мәдениет министрінің орынбасары Павел Степанов Мәскеудегі қазақстандық кино апталығының бағдарламасы өте ауқымды және түрлі жанрды қамтығанына назар аударды.

– Мен көрсетілетін барлық фильмдерді көргім келеді. Бағдарлама заманауи қазақстандық кино аяқ алысын көрсететіндей етіп таңдалады. Біз Қазақстанмен мәдени, гуманитарлық және кино саласындағы ын-тымақтастыққа үлкен көңіл бөлеміз. Көркем фильмдердің бірлескен өндірісі туралы да ойлаудамыз, – деп қорытындылады Павел Степанов.

Айта кетелік, «Шыңырау» фильмінің көрсетілімі алдында Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романының аудио-нұсқасының тұсаукесері

болды. Оған қоса, жазушының шығармасына көркем сипат қосу үшін Косыгин атындағы университеттің жас қылқалам шеберлері өз суреттерін көрермендерге ұсынды. Барлығы 23 картина жасалды, олар роман сюжетін ашып, оны визуалды жағынан қамтамасыз етті. Көрмені арнайы жазылған Ренат Гайсиннің музыкасымен толықтырылған аудио-кітап сүйемелдеді.

Фильм көрсетілмес бұрын, қазақ киносы майталмандарының қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Меймандар тек фильм туралы ғана емес, сондай-ақ бірлескен Қазақстан-Ресей киножобалары туралы да әңгімеледі. «Қазақфильм» киностудиясының президенті Арман Әсеновтің айтуынша, отандық киноның басты бағыттарының бірі – бірлескен өндіріс.

– Біздің басты серіктес – бұл орыс киносы, өйткені ортақ тақырыптар көп. Біз бір-бірімізге менталитетіміз жақын, арамызда тілдік кедергі жоқ. Түсіруге болатын көптеген қызықты сценарий де жеткілікті, – деді ол өз сөзінде.

Көрмедегі екі картинаның авторы Наталья Щигорец туындыларды жазу барысында Қазақ жеріне саяхатқа барғысы келгенін айтты.

«Шыңырау» фильміне оралсақ, сюжет құдық қазушы Еңсеп пен оның ұлы Жомарт туралы баяндайды. Олардың қарым-қатынасы Жомарттың махаббатына байланысты шиеленісе түседі. Әкесі баласының жұмысқа көбірек уақыт бөлгенін қалайды. Қысқа ғана уақытта көрермендерге кейіпкерлердің басынан қызғаныш, сатқындық, менмендік, алдау және махаббат сезімдері өткені көрсетіледі. Режиссер Жанабек Жетіруов бұл туындысын екі жыл түсірген. Өкінішке қарай жазушы киноны көре алмай кетсе де, сценарийді оқып, өзінің батасын берген.

Жалпы, фильм символ мен сезімдер әлеміне ену болып табылады. Иманғали Тасмағамбетов атап өткендей, әр адам осы белгілерден өз мағынасын табары сөзсіз. Өмір үшін мәңгілік, күрес, сенім және махаббат тақырыптары ортақ болып қала бермек.

Фильмде режиссер мен роман авторының көшпелі өмір философиясы мен тұтастай әлемнің көзқарасы көрсетілген, онда терең суы бар құдық – болмыстың мәні, ал бос құдық – оның соңы.

Іс-шараның құрметті қонағы болған ресейлік режиссер Егор Кончаловский қазақ киносын жақсы біледі. Өйткені ол Қазақстанда үш жоба құрып, еліміздің біраз режиссерлерімен жұмыс жасады. Кончаловский қазақстандық фильмдерді ресейлік көрермендерге көрсету қажет деп санайды. Өйткені ең ауқымды мәдени шара – кино – елдердің арасын жақындастырады.

Қазақстанның Ресейдегі елшілігі Ресей Федерациясының Мәдениет министрлігінің қолдауымен ұйымдастырған Қазақстан киносының апталығы тағы да жеті фильммен жалғасып, Ақан Сатаевтың жаңадан жарық көрген «Томирис» фильмін көрерменге ұсынды. Сондай-ақ, Қазақстанның Ресейдегі елшілігінде «Ресей мен Қазақстанның кино өндірісі мен фильмдерді тарату» саласындағы ынтымақтастығына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.